



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### 2022 жылдың 9 айындағы төлем балансын алдын ала бағалау туралы ҚР ҰБ төлем балансы департаментінің директоры Азат Өскенбаевтың түсіндірмесі

Ұлттық Банк 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы төлем балансының алдын ала бағалауын қалыптастырды.

Төлем балансының **ағымдағы шоты 7,9 млрд АҚШ доллар** көлемінде **профицитпен** қалыптасты. Өткен жылдың осы кезеңінде **5,6 млрд АҚШ доллар** көлемінде дефицит болған еді.

Ағымдағы шоттың теріс сальдодан оң аймаққа өтуі **сауда балансы** жағдайының жақсаруымен байланысты. Оның сальдосы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15,9 млрд АҚШ долларына айтарлықтай жақсарып, **29,3 млрд АҚШ долларын** (2,2 есе) құрады. Профициттің өсуі импортқа қарағанда тауар экспортындағы өсу қарқынның анағұрлым жоғары болуына байланысты.

Тауар **экспорты** өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **47,9%-ға** өсіп, **63,9 млрд АҚШ долларына** жетті. Тауар экспорты сыртқы сұраныстың тұрақты деңгейінен және шикізаттың, әсіресе, мұнай бағасының өсуінен қолдау тапты. Атап айтқанда, **мұнай** мен газ конденсатының **экспорты 63,4%-ға** өсіп, **36,4 млрд АҚШ долларын** құрады. Өз кезегінде, тауар **импорты, 16,4%-ға** өсіп, **34,6 млрд АҚШ долларына** шықты. Өсім аралық тауар (21,6%-ға немесе 3,1 млрд АҚШ доллар) мен азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары (23,2%-ға немесе 1,5 млрд АҚШ доллар) импортының арту себебінен болды.

Жеке тұлғалардың трансшекаралық электрондық коммерцияға және ЕАЭО елдерінен автокөліктердің «сұр» импортына байланысты транзакциялары 2022 жылдың 3-тоқсан қорытындысы бойынша 318,8 млн АҚШ долларын құрады. Оның ішінде интернет арқылы сатып алынған тауарлар импорты 262,1 млн АҚШ долларына теңесті. Ал, 56,7 млн доллар – автомобиль импортына тиесілі. 2022 жылдың 9 айында осы транзакциялар бойынша түзетулердің жалпы сомасы 1,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Тікелей шетелдік инвесторлардың **кірісі** де есепті кезеңде 22,5%-ға (немесе **3,7 млрд АҚШ доллары**) өсіп, **20,2 млрд АҚШ долларына** теңесті. Тауар экспортының өсуі шетелдік инвесторларға түсетін кіріс төлемдерінің ұлғаюымен қатар жүреді. **Қаржы шотында** (резервтік активтерді қоспағанда) **9,0 млрд АҚШ доллары** көлемінде оң сальдо қалыптасып, сыртқы активтердің таза ұлғаюын және сыртқы міндеттемелердің азаюын көресетті (2021 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша **6,3 млрд АҚШ доллары** таза кіріс болды). Қаржы шотының оң сальдосы негізінен мемлекеттік сектордың операцияларымен қамтамасыз етіледі.

**Резервтік активтер** (ҚР Ұлттық қорының активтерін есепке алмағанда) 2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша **32,6 млрд АҚШ долларына** бағаланды, бұл Қазақстанның тауарлар мен қызмет импортын 7,1 ай бойы қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Статистикалық мәліметтермен мына сілтемеге өтіп танысуға болады:

<https://nationalbank.kz/ru/news/platezhnyy-balans-vn-sektora>

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)